

Хаттама №1

Қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті

Өткізілген күні: 03.11.2025 жыл

Өткізілген орыны: «Т.Тоқтаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ

Қатысқандар: мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын сайлау, бекіту туралы.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, мектеп директоры У.Масалимова Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары аясында жұмыс жүргізу туралы айтып өтті. Мектеп жанындағы қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен және заңды тұлғалармен жұмыс жасайды. Биылғы жаңа оқу жылындағы кеңес мүшелері таныстырылды. Қамқоршылық кеңес құрамына барлық сыныптың ата-аналары толық қамтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылына арналған жоспары таныстырылып, бекітілді. Сол жоспар бойынша, талқылау жасалынып, ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы қабылдансын және бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бір ауыздан бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:  У.Корпебаева

Жиналыс хатшысы:  Ж.Миллятханова